

**Жануарлар қалай
өсіп – өнеді?*



* *Көптеген аңдардың балалары көктемде дүниеге келеді де, алғашқы кезде анасының сүтін емеді. Кейінірек олар жемін өздері тауып жеуді үйренеді.*



* *Аюлар ұзаққа созылған қысқы ұйқысынан оянады. Олар қатты жүдейді. Аш аю бұғыға, тіпті бұланға да шабады. Бұл кезде олар адамға да қауіпті.*



- * *Көктемде аналық кірпі 5-6 бала табады. Олар соқыр және тікенексіз болып туылады. Туғанына 5-6 сағат өткенне кейін олардың үстінде жұмсақ ақшыл инелер пайда болады. Аналық кірпі балаларын сүтімен асырайды және жәндіктерді ұстауға үйретеді.*



- * *Бұланның бұзауы енесінің сүтімен қоректенеді және аузына тигеннің бәрін байқап көреді. Бұланның бұзауының сирағы ұзын, мойны қысқа болып келеді. Сондықтан оған аузын шөпке жеткізу қиын. Шөпті жұлып жеу үшін ол тізесін бүгеді.*



* *Аналық қоян жаңа туған көжесін бұтаның түбінде қалдырады. Оны өзінің қою сүтімен тамақтандырады.*